



МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу



КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫНДА КЕМЕ ЖАСАУ КЛАСТЕРІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

БЕЛЬГИЯ КОРОЛЬДІГІНІҢ АСТАНАСЫ БРЮССЕЛЬ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ҚАЗАҚСТАН – ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ» БИЗНЕС-ФОРУМЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ АРАСЫНДАҒЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ФОРУМ ЖҰМЫСЫНА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАТЫСЫП, ЕЛІМІЗДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ МЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ ЖӨНІНДЕ БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.

Аталған форум аясында Маңғыстау облысы үшін стратегиялық маңызы зор келісімге қол жеткізді. Атап айтқанда, Маңғыстау облысының әкімдігі мен әлемдегі жетекші кеме жасау компанияларының бірі саналатын «Damen Shipyards Group» арасында Қазақстан Республикасының Каспий теңізі секторында кеме жасау зауытын салу жөніндегі жоба бойынша негіздемелік келісімге қол қойылды.

Бұл жоба өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға және Каспий теңізі аймағындағы теңіз индустриясын дамытуға бағытталған ірі бастамалардың бірі болып саналады. Жобаның жалпы инвестициялық құны шамамен 100 миллион еуроны құрайды. Инвестициялық жоба жүзеге асқан жағдайда Қазақстанда заманауи талаптарға сай кеме жасау өндірісі қалыптасып, теңіз көлігі саласының дамуына тын серпін береді.

Жаңа өндірістік кешенде әртүрлі

мақсаттағы теңіз және техникалық кемелерді құрастыру, жөндеу және қызмет көрсету жұмыстары жасалады деп жоспарлануда. Сонымен қатар өндіріс барысында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін заманауи технологиялар енгізіліп, отандық мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Жобаның әлеуметтік-экономикалық маңызы да айрықша. Кеме жасау зауытының құрылысы мен кейінгі өндірістік қызметі барысында жүздеген жаңа жұмыс орны ашылып, жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге өңірде қосалқы өндірістер мен сервистік кәсіпорындардың дамуына жол ашылып, шағын және орта бизнес субъектілерінің белсенділігі артады.

Маңғыстау облысы – географиялық орналасуы жағынан Каспий теңізінің маңызды логистикалық торабы. Сондықтан жаңа кеме жасау зауыты

өңірдің көлік-транзиттік әлеуетін арттырып қана қоймай, Қазақстанның халықаралық теңіз тасымалдары нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал етеді. Сондай-ақ бұл жоба Каспий маңы мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тереңдетуге және халықаралық әріптестікті нығайтуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, «Damen Shipyards Group» компаниясы әлемдік кеме жасау нарығында беделді орынға ие. Компанияның ондаған елде өндірістік және сервистік орталықтары жұмыс істейді және ол азаматтық, өнеркәсіптік, әскери және арнайы мақсаттағы кемелерді жобалау мен өндіру саласында үлкен тәжірибеге ие. Осындай халықаралық деңгейдегі серіктестің Маңғыстау өңіріне инвестиция салуға қызығушылық танытуы облыстың инвестициялық тартымдылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы әртараптандыру, шетелдік инвестицияларды тарту, өңдеу өнеркәсібін дамыту және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларымен толық үндеседі. Сонымен қатар жоба Қазақстанның теңіз индустриясын жаңа деңгейге көтеріп, Маңғыстау облысының өнеркәсіптік және логистикалық хаб ретіндегі рөлін одан әрі нығайтуға ықпал етпек.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ҚАЗАҚСТАН – ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫ ЖАЛҒАЙТЫН БАСТЫ КӨПІР

Қазақстан Еуропа мен Азияны жалғайтын маңызды көлік дәліздерінің бірі – Транскаспий халықаралық көлік бағытын (Орта дәліз) дамыту жұмыстарын күшейтіп жатыр. Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлемдегі ең ірі теңіз тасымалы компанияларының бірі саналатын «Mediterranean Shipping Company» (MSC) компаниясының аға вице-президенті Эдуард Зигристпен кездесуінде кеңінен талқыланды.

Кездесу барысында тараптар көлік және логистика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қарастырды. Әсіресе халықаралық жүк тасымалын дамыту және контейнерлік тасымал көлемін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «MSC» компаниясының Қазақстан нарығындағы қызметіне оң баға беріп, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту еліміз үшін стратегиялық маңызы бар міндеттердің бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, қазіргі геосаяси жағдайда Орта дәліздің рөлі артып келеді. Бұл бағыт Қытайдан басталып, Қазақстан, Каспий теңізі, Әзірбайжан мен Грузия арқылы Еуропаға шығатын ең маңызды көлік жолдарының біріне айналып отыр.

Қазақстан осы дәліздің мүмкіндігін арттыру үшін бірқатар нақты жобаларды жүзеге асыруда. Атап айтқанда, Әзірбайжан және Грузиямен бірлесіп жүк тасымалына арналған бірінғай ұзақмерзімді тарифтік жүйені енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл тасымалдау бағасын тұрақтандырып, халықаралық компаниялар үшін бағыттың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Каспий теңізіндегі жүк тасымалдайтын кемелер санын көбейту жұмыстары жасалуда. Өйткені соңғы жылдары Орта дәліз арқылы өтетін жүк көлемі бірнеше есе артқан. Осыған байланысты теңіздегі тасымал қуатын күшейту уақыт талабы болып отыр.

Ірі инфрақұрылымдық жобалардың қатарында Құрық портын жаңғырту жұмыстары да бар. Порттың мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүк қабылдау және жөнелту көлемі ұлғаймақ. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Әзірбайжан Каспий теңізінің табанын тереңдету жұмыстарын қолға алуда. Бұл ірі жүк кемелерінің қауіпсіз қозғалуына және теңіздегі логистикалық мүмкіндіктерді арттыруға жол ашады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы «MSC» компаниясының Каспий жағалауындағы порт инфрақұрылымына инвестиция салуға қызығушылық танытып отырғанын құптады. Оның пікірінше, мұндай инвестициялар Орта дәліздің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, Азия мен Еуропа арасындағы жүк тасымалы көлемінің өсуіне де оң әсер етеді.

Өз кезегінде «MSC» компаниясының аға вице-президенті Эдуард Зигрист компанияның Қазақстанға қатысты ұзақмерзімді жоспарлары туралы баяндады. Оның айтуынша, алдағы уақытта логистикалық терминалдар, темір жол инфрақұрылымы, порттар, теңіз қызметтері және әуе жүк тасымалы салаларына инвестиция салу көзделіп отыр.

Сарапшылардың пікірінше, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырып, ел экономикасына қосымша инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл жоба Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы маңызды логистикалық хаб ретіндегі рөлін күшейте түседі.

Бүгінде әлемдік сауда бағыттары өзгеріп жатқан кезеңде Орта дәліздің маңызы артып келеді. Сондықтан Қазақстан үшін осы көлік бағдарының инфрақұрылымын жетілдіру, халықаралық әріптестікті кеңейту және инвестиция тарту жұмыстары алдағы жылдардағы негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БРЮССЕЛЬДЕГІ КЕЛІСІМДЕР ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА НЕ БЕРЕДІ?

БЕЛЬГИЯНЫҢ БРЮССЕЛЬ ҚАЛАСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН – ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ» БИЗНЕС-ФОРУМЫ ӨТТІ. ОҒАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ІРІ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыс жылдан-жылға нығайып келе жатқанын айтты. Бүгінде Еуропалық Одақ Қазақстанның ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі саналады. Өткен жылы екіжақты сауда көлемі 45 миллиард доллардан асты. Сонымен қатар елімізге тартылған шетелдік инвестициялардың жартысына жуығы Еуропа елдерінен келеді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан шетелдік инвесторлар үшін тартымды мемлекетке айналып келеді. Елімізде қазір төрт мыңға жуық еуропалық компания жұмыс істейді. Олардың қатарында әлемге танымал өндіріс, көлік, фармацевтика және технология салаларындағы компаниялар бар.

Сапар барысында жалпы құны 12 миллиард доллардан асатын коммерциялық келісімдерге қол қойылмақ. Бұл Қазақстан мен Еуропа арасындағы экономикалық байланыстың нақты жобалар арқылы дамып жатқанын көрсетеді.

ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТЫ ӨСІП КЕЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары Қазақстан экономикасы тұрақты өсім көрсетіп отырғанын айтты. Өткен жылы ел экономикасы 6,5 пайызға өсті. Бұл әлемдік орташа көрсеткіштен әлдеқайда жоғары.

Қазіргі таңда Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 305 миллиард доллардан асты. Ал шағын және орта бизнес экономиканың маңызды қозғаушы күшіне айналып отыр. Олар инвестициялардың басым бөлігін қамтамасыз етеді.

Президенттің айтуынша, мұндай нәтижелерге жүргізілген саяси және экономикалық реформалардың арқасында қол жеткізілді. Елде заң үстемдігін қамтамасыз етуге, инвесторлардың құқықтарын қорғауға және бизнеске қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінуде.

ҚАЗАҚСТАН – МАҢЫЗДЫ КӨЛІК ДӘЛІЗІ

Форумда көлік және логистика мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды транзиттік мемлекетке айналуы көздейді.

Соңғы жылдары Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы тасымалданатын жүк көлемі бірнеше есе артты. Бүгінде Ақтау мен Құрық порттары халықаралық жүк тасымалының маңызды орталықтарына айналып отыр. Қазақстан алдағы уақытта осы дәліздің мүмкіндігін кеңейтіп, жүк өткізу көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бұл еліміздің әлемдік логистикадағы орнын күшейте түспек.

СИРЕК МЕТАЛДАР МЕН ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ӘРІПТЕСТІК

Президент Қазақстанның табиғи ресурстарға бай мемлекет екенін атап өтті. Еліміз Еуропа үшін маңызды саналатын көптеген сирек металдардың қорына ие. Сонымен қатар Қазақстан әлемдегі ең ірі уран өндіруші елдердің бірі болып саналады. Қазір еліміз дәстүрлі энергетикамен қатар жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да басымдық беріп отыр.

Мемлекет басшысы еуропалық компанияларды шикізатты тек өндіруге емес, оны Қазақстан аумағында өңдеп, дайын өнім шығаруға шақырды. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашып, экономиканың дамуына ықпал етеді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Форум барысында Мемлекет басшысы жасанды интеллектінің маңызына да тоқталды. Оның айтуынша, болашақта бұл технология әлем экономикасының негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналады. Қазақстан цифрландыру саласында бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырып жатыр. Елімізде арнайы министрлік құрылып, жасанды интеллектті дамыту бағытында жаңа бағдарламалар қолға алынған. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі суперкомпьютерлер іске қосылып, инновациялық білім беру жобалары жүзеге асырылуда.

ОРТАҚ МАҚСАТ – ӨЗАРА ТИІМДІ СЕРІКТЕСТІК

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы серіктестіктің болашағына сенім білдірді. Оның айтуынша, екі тарапты экономикалық мүдде ғана емес, ұзақмерзімді даму мақсаттары да біріктіреді.

Брюссельдегі кездесу Қазақстан мен Еуропа арасындағы байланыстың жаңа кезеңге көтерілгенін көрсетті. Қол қойылған келісімдер мен басталған жаңа жобалар еліміздің экономикасына қосымша инвестиция тартып, өндіріс пен инфрақұрылымның дамуына серпін бермек.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ